

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәлімдемесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 ақпан N 135

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрынғы құрамының Бағдарламасы

қолдалсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа құрамының "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834

U 9 8 3 8 3 4 \_

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл Бағдарламасын басшылыққа алу ниеті туралы мәлімдемесі Қазақстан Республикасының Парламентіне жолдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
Мәлімдемесі

Қазақстан Республикасының Конституциясына (67-бап, 2-тармақ), "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (7-бап, 1-тармақ) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 28 қарашада ел Парламенті мақұлдаған және "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму

стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасын өзінің қолдайтындығы және оны өз қызметінде басшылыққа алу ниеті туралы мәлімдейді.

Үкіметтің 1999 жылға арналған "Стратегия - 2030-ды" орындау жөніндегі міндеттері экономиканың нақты секторларындағы белсенді іс-қимылдардағы, инвестицияларды тартудың үстем саясатын жүзеге тартудағы, халықтың әлеуметтік жағдайының күрт нашарлауына жол бермеудегі макроэкономикалық тұрақтылықты ұ с т а у ғ а б а ғ ы т т а л а д ы .

Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл міндеттердің объективті экономикалық нақты жағдайға, атап айтқанда, әлемдік қаржы дағдарысының тереңдеуіне және әлемдік шаруашылық байланыстарына интеграцияланған Қазақстанның оның тұрақтылықты бұзу ықпалын сезіне алмай тұрмайтындығына орай қойылып о т ы р ғ а н д ы ғ ы н ұ ғ ы н а д ы .

Өткен 1998 жыл Қазақстан үшін егемен, дамушы мемлекет, халықаралық қарым-қатынастардың толыққанды субъектісі ретінде қалыптасуы мен дамуы жолында бетбұрыс кезеңі болды. Бірыңғай мемлекеттік биліктің барлық бұтақтарының, халықтың белсенді және өкілді бөлігінің қолдауында қоғамдық институттардың бірлескен күшімен қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық сақталды. Тәуелсіз демократиялық мемлекет құруда, Қазақстанның халықаралық танылуы мен беделін нығайтуда айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді.

Бұл жұмысқа Үкімет ел Президенті жария еткен Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына сәйкес мемлекеттің экономикалық жүйесін тұрақтандыру мен нығайту процестерін мақсатты түрде жүзеге асыра отырып өз үлесін қосты. Тіпті қатал бағалаудың өзі Қазақстанның еншарлық ұштасқан бұрынғы проблемалар жүктерінің болуына, көптеген елдердің экономикасына күйретуші ықпалын тигізген кең ауқымды дағдарыстың қысымына қарамастан жүйелі экономикалық реформалауда айтарлықтай ілгерілеуі ф а к т і с і н м о й ы н д а м а й т ұ р а а л м а й д ы .

Сонымен бір уақытта Үкімет басталған жылдың қиыншылықтарын да анық көріп отыр, бұрынғы Үкіметтер қолға алуға жүрексінген қатаң шараларды қабылдауға да саналы түрде барып отыр және қабылданып отырған шешімдер үшін жауапкершілікті т о л ы ғ ы м е н ө з м о й ы н а а л а д ы .

Ү к і м е т :

- орталық және жергілікті басқару органдарының функцияларын айқын шектеу және оған сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің арасындағы ш ы ғ ы с т а р д ы б ө л у г е ;

- тиісті салықтар мен республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында жалпы мемлекеттік салықтарды бөлудің тұрақты нормативтерін ұзақ уақытқа бекітуге;

- мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық меншікке бөлу, оның

негізінде бюджеттердің бөлінуін жүргізуге;

- жергілікті атқарушы органдардың аймақтарды дамыту үшін қарызға қаражат алу жөніндегі өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталған шаралардың кешенін жүзеге асыруды ұ с ы н а д ы .

Стратегиялық мақсаттарды бағдар ретінде ұстана отырып Үкімет өзінің күш-жігерін мынадай басты жұмыс бағыттарына жұмылдырады:

- әлеуметтік салада шығынды азайту және атаулы әлеуметтік көмекті қамтамасыз ету кезінде бюджет қаражатын барынша үнемдеу;

- инфляцияның төмен деңгейін ұстауды және мемлекеттік қарыз алуды қолдауды ұйғаратын макроэкономикалық тепе-теңдікті, мемлекеттік бюджет тапшылығының жол берілетін мөлшерін және төлем балансын ұстап тұруды сақтау;

- отандық тауар өндірушілерді қолдау, экспорт пен импортты, оның ішінде теңгерімді тарифтік, антидемпингтік, салықтық және кеден саясатын жүргізу есебінен, д а м у ы н қ о л д а у ;

- кәсіпкерлікті дамыту, қоғамдық жұмыстарды кеңейту;

- тиісті жобаларда отандық өнімдер мен жергілікті кадрларды барынша пайдалану кезінде тартылған займдар мен инвестицияларды тиімді игеру;

- мемлекеттік қызметті реформалау мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ж а л ғ а с т ы р у ;

- қылмыскерлікке қарсы күресті күшейту, азаматтардың конституциялық қ ұ қ ы қ т а р ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

- мемлекеттік меншікті басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру;

- Қазақстанның халықаралық беделін нығайта түсу, оның пәрменді ішкі дамуы үшін қолайлы халықаралық жағдай ж а с а у .

Ел Үкіметінің осы басым бағыттар бойынша жұмысы кең ауқымды дағдарыстың жағымсыз әлеуметтік салдарының барынша тігісін жатқызуы, халықтың кірістерін жоғалтуын барынша азайтуы және бұдан әрі экономикалық өсуге негіз салуы тиіс.

Қалыптасып отырған дағдарысты жағдайдан шығудың қажетті шарттарының бірі бюджет шығыстарын қысқарту болып табылады, оны Үкімет, бәрінен бұрын, мемлекеттік органдарды ұстауға арналған әкімшілік шығыстарды қысқарту жолымен ә у е л і ө з і н е н б а с т а й д ы .

Алда тұрған міндеттерді шешу үшін Үкімет өзінің қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 - 2000 жылдарға арналған Іс-қимыл жоспарын бекітті. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу Қазақстанда инвестициялық ахуалдың нығаюына, Үкімет пен елдің Ұлттық Банкінің сыртқы жағымсыз факторлардың әсерін жұмсарту жөніндегі үйлестірілген іс-қимылына жәрдемдесетін болады. Үкімет көзделген істі орындауды қамтамасыз ететін негізгі бағдарламалық және нормативтік құжаттарды әзірлеп, оларды барлық мүдделі мемлекеттік органдарға жолдады.

Ел Президентінің алға қойған міндеттерін орындау стратегиялық басымдықтарға

қол жеткізу күшті, тиімді жұмыс істейтін атқару өкіметінсіз мүмкін емес. Бұл жерде төменнен жоғарыға қарай еркін рыноктық экономиканың тінін жасайтын және барлығы үшін ортақ, бірдей және түсінікті ойын қағидасын қалыптастыратын қатаң вертикалдар туралы сөз болып отыр. Экономикаға мемлекеттік араласу шенеуніктік өзімбілдікпен және жемқорлықпен қоса жүрмеуі тиіс. Атқарушы өкімет деңгейлерінің іс-қимылының топтасушылығы жұмыстың түпкі нәтижелері үшін басшылардың жеке жауапкершілігімен нықталуы тиіс.

х х х

Үкімет ұсынылып отырған шаралардың негізгі ауыр жүгін өзіне қабылдай отырып, бұрынғысынша өз жұмысында кәсіподақтармен және өзге де қоғамдық бірлестіктермен сындарлы диалог пен ынтымақтастық үшін ашық, демократиялық институттарды нығайту және кемел азаматтық қоғамды қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыруға белсенді атсалысатын болады.

Үкімет Қазақстан Республикасы Президентінің алға қойған міндеттерін орындау бойынша өкіметтің барлық бұтақтары мен қоғамның салауатты күштерінің шалымды практикалық іс-қимыл жасайтын уақыты туғандығына сенімді. Тек біздің күш-жігеріміздің топтасуы ғана істе елдің экономикасын тұрақтандыруға және оның одан әрі ілгерілеуіне жәрдемдесетін болады.

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Икебаева А.Ж.